

«Жас заңгер мектебінің» негізгі мақсаты – 8-11-сынып оқушыларын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, заңтану және құқық саласындағы ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету. Жастарды болашақ мамандығын таңдауға кәсіби бағдарлау, олардың құқықтық мәдениет деңгейін және заңдық сауаттылығын арттыру.

«Жас заңгер мектебінде» сабақты ИМ Қарағанды академиясының оқытушылық құрамы жүргізеді. Аудитория Қарағанды қаласында орналасқан, бірақ Қазақстанның басқа қалаларында тұратын балалар үшін «Skype» арқылы қашықтықтан оқыту мүмкіндігі бар.

Оқыту бағдарламасы өте ауқымды, Қазақстан Республикасының заңнамасын: қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, еңбек және өзге де нормативтік құқықтық актілерді зерттеумен қатар, практикалық сабақтар, рөлдік және зияткерлік-дамыту ойындары өткізіледі, оның барысында балалар құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне айналады, ал біреу адвокат және тіпті судья рөлінде болады. Сондай-ақ, қылмыстық, әкімшілік және азаматтық сот отырыстарына қатысу көзделген. ИМ Қарағанды академиясының базасында «курсант өмірінің бір күні» атты өте қызықты іс-шара өткізіледі, онда балалар курсант өмірінің барлық атмосферасын сезінуге мүмкіндік алады.

Сабақ барысында ішкі істер органдарының практикалық қызметкерлері, адвокаттар мен прокурорлар өздерінің кәсіби құпияларымен бөліседі.

Бұл іс-шаралар «Жас заңгер мектебінің» «Instagram» парақшасында (@the\_school\_of\_young\_lawyer\_krg) жарияланған.

Оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

«Жас заңгер мектебінің» сертификаты Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына түсу үшін ҰБТ балдары тең болған жағдайда артықшылық береді.

Барлық қызықтыратын сұрақтарға 8-702-544-2067 телефоны бойынша жауап береміз.